ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2025 жылғы 29 тамыз № 7527-25-00-2/10364 Алматы қаласы

Алматы каласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы К.Т.Өтепов сот ғимаратында талап арыз бойынша азаматтық істі оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қараған

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «32039 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«АЙША» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Л.Қ.Мүсіреп

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. 13 080 теңге сомасында тұрақсыздық айыбын өндіріп алу

ҚАРАР БӨЛІМІ:
ҚР АПК-нің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «32039 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «АЙША» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Л.Қ.Мүсіреп 2025 жылғы 29 мамырдағы № 117 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «АЙША» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Л.Қ.Мүсіреп мемлекет кірісіне 13 080 (он үш мың сексен) теңге сомасында тұрақсыздық айыбы және 2 359 (екі мың үш жүз елу тоғыз) теңге сомасында мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

Құжатқа қол қойылған: Утепов К. Т., 29.08.2025
Заңды күшіне енген күні: 13.10.2025, судья Утепов К. Т., 14.10.2025
7527-25-3-1/11516

хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін

Судья

К.Т.Өтепов

Құжатқа қол қойылған: Утепов К. Т., 29.08.2025

Заңды күшіне енген күні: 13.10.2025, судья Утепов К. Т., 14.10.2025

7527-25-3-1/11516